

«Балбөбек» жеке балабақшасы

«Жыл басы наурыз»

Тәрбиеші: Шыңғалиева Г.Х

Орал қаласы 2023ж

«Наурыз-тойым тамаша!»

Мақсаты: Музыка залында киіз үй құрылып, әсем ою – өрнектерімен безендіріліп, оның ішінде оюланған көрпешелер төселген, домбыра аспабымен бесік қойылып, Адай күйі ойналып тұрады. Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұраетіп қалдырған салт – дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту. Киіз үйдің ішінде ата, бай мен ата-аналар ұлттық киім киіп келіп отырады.

Қазақтың ұлттық киімдерін киіп, музыка әуесімен залға балалар кіреді, амандасады да, малдас құрып, екіге бөлініп көрпешелерге барып отырады.

Киіз үйдің ішінен ортаға ақсақалды ата шығып сөз сөйлейді.

Ақсақал ата:

- Амансыңдарма балдарым,
- Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!
- Қайда барса жол болсын!
- Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын!
- Ұлыс береке берсін, Бәле-жале жерге енсін!

-Наурыз құтты болсын! – деп атамыз балаларға бата сөздерін айтады.

Жүргізуші:

Наурыз қайта оралды атыда аңыз,
Сұрамаймыз алғыс та ақы да біз.
Үй – дастархан, даламыз сахнамыз,
Ұлы мейрам – Наурызға шақырамыз!

Оу, ағайын келіндер, бүгін бізде,

Наурыз-көже, ұсынып шақырамыз.

Жүргізуші: Ұлыстың Ұлы күніне жиналған барша ағайын мынау Ұлыстың Ұлы күні құтты да, берекелі болсын!

Ақсақал ата: -Уа халайық, дұрыс айтасыңдар! Осы елімізге келіп жеткен Қамбар атамыздың Жылқы жылы молшылық, құт, береке, ырысын ала келсін! Мына толып отырған әдемі де сүйкімді бүлдіршіндеріміз болашағымыздың үлкен азаматы мен азаматшылары болып, Қазақстанның гүлденуіне өз үлестерін қосып жүре берсін!

Жүргізуші: Рахмет ата айтқаныңыз келсін - Әумин! Осы біздің Ұлыс күніне арнаған балалардың жыр шашуларын тамашалаңыз, төрге барып отырыңыз!

Балалар Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22 – де күн мен түн теңеледі, қыс өтіп көктем келеді. Тіршілік басталады. Қазақ халқы үшін үлкен мейрам – Жаңа жыл Наурыз мерекесі.

Кел, балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық..
Баянды боп мереке,
Қыр гүліндей жайнайық.

Ендеше ортамызға бөбекжайымыздың ең кішкентай бүлдіршіндерін «*Айгөлек*», «*Еркемай*» топтарын ортамызға қошеметпен шақырамыз! (ортаға шығып жарты шеңбер жасап тұрады)

Жүргізуші: Ал, балалар осы бізде Наурыз мерекесі жылдың қай мезгілінде болады. Көктем мезгілінде жылы жакқа нелер қайтып оралады екен?

Балалардың жауабы: Көктемде, құстар оралады.

Ендеше балалардың көктем туралы әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Көктем» айгөлек тобы орындайды

Жүргізуші: Наурыз келсе, құт келгені, халайық!

Есік ашып, шашу шашып, Ел боп қарсы алайық..

Бүгін күн теңелді, Жер шуаққа кенелді,
Соңы тойлар ел енді.
Наурыз той салтымыз, Көгерсін деп халқымыз
Көшеге тал егеді, Өмір бағы жайнасын,

Бақта бұлбұл сайрасын.

деп балалар мына менің қолымдағы талды мен осы бөбекжайда мына ыдысқа отырғызып,
сендер өскенше үлкен бәйтерек болып өссін дегім келеді (терек отырғызылады) Ал балалар біз
бұл терекке қандай ат ойлап қоямыз? Ендеше мына отырған ата аналарымыздан сұрап
көрейік, аналар бұл терекке қандай атау береміз?

Аналар: «*Наурыз тойы*»

Жүргізуші: Жаксы аналар Наурыз тойымен тұспа тұс келген мерекемен байланыстырып
қойып жатырсыздар, ендеше балаларымыздың «Наурыз тойы» әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «*Наурыз тойы*» (айгөлек тобы айтады)

Би: «*Қазақ биі*» айгөлек тобы бәрі билейді.

Жүргізуші: Балалар енді бізге біреу қонаққа келе жатырған сияқты, ол кім екен қарайықшы?
Музыка әуенімен залға қолында таяғы бар әуендетіп Тазша бала кіреді.

Тазша бала: Ой балалар сендер мұнда нестеп отырсыңдар бәрің корпенің үстінде? жана ғана
мен аспанда ұшып жүрдім, ол жакта жұлдыздардың арасынан керемет бір үлкен терек
көрдім, бірақ теректерде толған кәмпиттер, ойыншықтар, өсіп тұр екен, ал сендер балақайлар
сондай теректерді көрдіңдерме? Менде керемет үстіне отырған ұшатын көрпе бар
балалар, сендер сондай көрпе көрдіңдерме?

Балалар: Жоқ көрмедік.

Жүргізуші: Ал балақайлар бізге келіп өтірік айтып тұрған бұлбала кім екен? Сендер оны
таныдыңдарма?

Балалардың жауабы: Тазша бала.

Тазша бала: Ей! - айттым да өтірік өлең жұртқа жактым,
Қой қылып құмырысқаны жаздай бактым.

Тазша бала: Балалар менің ана жактан алып келген ойыным бар соны ойнап көрейік

Жүргізуші: - Енді балаларымызбен бірге ұлттық ойын ойнайық.

Ойын: : «*Тақия тастамақ*»

Ойын шарты: Балалар шеңбер құрып отырады. Бір ойыншы тақияны алып, отырғандарды
айналып жүреді де, тақияны екі баланың ортасына тастайды. Екі бала орнынан тұрып,
арқаларын түйістіріп, қарама - қарсы шеңберді айналып жүгіреді. Кім тақияға бірінші жетсе
сол бала тақияны басына киіп алып ойынды жалғастыра береді. Балалар орындарына барып
отырады.

Жүргізуші: Тазша бала сізде барып киіз үйдің ішіне отырыңыз.

Енді мен ортамызға қазақтың салт дәстүрінен бізге шағын көрініс көрсететін
атаанамызды, әжелерімізді ортамызға шақырғалы отырмын.

Салт-дәстүр көрсету: «*Тұсау кесу*» Айгөлек тобының әжесі көрсетеді.

Ортаға Акбота тобының тәрбиешілері шығады.

Жүргізуші: Жыр сыйлаған, нұр сыйлаған тірлікке,

Қастерлейік, қадірінді білдік пе?

Құтты болсын жиналған Ұлыс күні

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке!

Балалар мен енді ортаға адамзатқа қуаныш нұрынан шашу сыйлайтын, аруда, әсем биші екі
қыздымызды шақырғалы отырмын, қошеметтеп қарсы алайық. Залға Ару қыздар шашу шашып
кіреді

1. Қыз: Армысыздар халайық,

Бармысындар халайық,
Наурыз тойын жұп жазбай,
Жылда қарсы алайық.

2.Қыз: Салт дәстүрім жаңғырған,,
Наурыз дәмінен татыңыз.
Қуаныш, сыйлап сіздерге,
Биден шашу шашамыз.

Екеуі бірге айтады: Наурыз мерекесі құтты болсын ағайын!

Жүргізуші: Қошеметпен қазақтың шашу биін қабыл алыңыздар!

Би: «Шашу» үлкен екі қыз билейді.

Жүргізуші: Ендеше «Ақбота» ортаңғы топтың балаларын ортаға шақырамын.

Балалар бүгін Ұлстың ұлы күні! Ата бабаларымыздың сөзімен айтсақ, «Ақ түйенің қарны жарылған күн». Қазақтың Жаңа жылы құттыда берекелі, мерекелі болсын! Ендеше, Наурыз мейрамына арналған жыр шумақтарымызды арнайық!

Тақпақтар: 3-4 бала.

Ән: «Наурыз- Көктем»

Осы кезде атқа мініп әндетіп Алдар Көсе кіреді.

Алдар Көсе:

-Мен Алдармын, Алдармын,
Байдың бәрін алдадым.
А-а-а, Е-е-е, О-о-о-о-деп өлендетіп келеді.

Жүргізуші: Ой, Алдар аға ортамызға қош келдіңіз!

Осы кезде киіз үйдің ішінде отырған Бай ортаға шығып Алдар көсеге қолын созып, ұстауға ұмтылады.

Алдар: (осы кезде қулана қолынан шап беріп ұстап алады)

-Ау, байеке мынауыңыз қалай тонып қалғансызба?

Бай: -ия мен қанша қалың киінсемде, денем мұздап тонып жүреді, Белімде суық ұстап қалғанба, қозғалтпай қалды ғой?

Алдар: Кел онда байеке, онда екеуміз шапанымызды ауыстырайық?

Бай: Қой, қой енді сен мені алдап шапанымдыда алмақсынба, оның бола қоймас!

Алдар: Неге байеке, мысалы менің мына шапаным қанша жыртық болсада, мен тоңбаймын, еш жерімде ауырмайды.

Бай: таңданып басын шайқап, шын айтасынба ей?!

Алдар: Ия оның себебі мына шапанның желі мына тесігінен кірсе, мына тесігінен шығып кетеді.

Бай: Ойпыр-ай, шыныменде солай болса, кел онда екеуміз шапан айырбастайық, деп (екеуі шапан ауыстырады)

Алдар: шапанды ала сала, балалар міне мен байды қалай алдадым көрдіңдерме? Наурызда байдың алдап жаңа шапанын киіп алдым, қандай жылысынай! деп Алдар шығып кетеді.

Бай: басын ұстап айқайға басады, ойбай, ойбай мыны Алдар мені тағыда алдап соқты

Жүргізуші: Оу, ағасы Алдардың бір еркелігін көтермейсізбе? «Наурызда көк таста жібиді» деген. Байеке жыл бойғы ренішті ұмытып, тәубеге келер, татуласар күн бүгін деп Алдекеннің бір биін тамашалайық!

Бай: Жарайды олай болса мен бұл Ұлыс күнінде ешкіммен ренжіспейін, ондай өнері болса қане тамашалайық.

Би: «Алдар мен ұлдар биі»

Алдар: Байеке кел мында бұл мерекеле мына балдармен бірлесе екеуміз арқан тартып көрейік.

Ойын: «Арқан тартыс»

Алдар Көсе әндетіп қоштасып шығып кетеді.

Ән: «Наурыз біздің Жаңа жыл!» (балалар орындарына отырады)

Салт дәстүр көрсету: «Бесік той» Ақбота тобының әжесі көрсетеді.

Жүргізуші: Осыншама жақсылық

Алып келген наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзін деп ортаға Ақбота тобының биші қыздырн шақырамыз!

Би: «Қазақ биі» қыздар билейді. **Ән:** «Елге сәлем» (Айгерім орындайды)

Ортаға Тазша бала шығады.

Тазша бала: балалар мен енді сендермен ойын ойнағым келіп тұр, сендер ойын ойнайсыңдарма?

Мына жерде отырған Ақбота тобының жігіттерінің күштерін көрсем деймін, маған ортаға екі жігіт шыға қойсын.

Ойын: «Білек сынасу»

Тазша бала: Ал, қане балалар сендерге ойын ұнадыма? мен енді өзімнің еліме кетейін, дастархандарың мол болып, Өнердің өрінен, балабақшаның төрінен табылыңыздар, сау болыңдар, деп шығып кетеді.

Жүргізуші: Балалар бізге тағыда біреу келе жатырған сияқты, кім екен? (музыкамен шашу шашып бауырсақ пен Наурыз көжесін алып ортаға әже келеді)

Әже: Айналайын жамағатым, құлындарым Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ақ мол болсын, еліміз тыныш болсын, ұрпақтарымыз аман болсын! Ал қанекей балалар, мына мерекесі барлығыңыз Наурыз көже мен бауырсақтан дәм алыңыздар! - деп балаларға, ата-анаға дәм ұсынады. Шашу шашады.

Жүргізуші: Бата беріп атамыз

Әже келді апамыз

Тәтті болып жасалған

Наурыз дәмін тататамыз

Ал енді балалар мен ақсақал атамызды ортаға шақырып бата сұрамақпын!

Ата: бата береді.

Жана жыл бақыт жылы болсын,

Малын тоқ, уайым-қайғы жоқ болсын!

Қазағым, наурыздың құтты болсын,

Көтерген шаңырағың биік болсын.

Тілектері халқымның қабыл болсын!,

Әумин! Рахмет ата бата беріп жатырсыз, айтқаныңыз болсын!

Жүргізуші: Балалар келіңдер барлығыңды ортаға «Қара жорға» биін шақырамын.

Би: «Қара жорға»

Бәріңізге үлкен рахмет! Тойларыңыз тойға ұлассын.

Жүргізуші: Наурыз келді ал тойландар, жарандар,

Келген мына мерекеге қараңдар.

Шашу шашып ақ жаулықты әжелер,

Тойда бүгін ойнап – күліп тараңдар! Осымен шағын дайындаған «Наурыз – тойым тамаша» атты ертеңгілігіміз аяқтала келді сау сәлематта болыңыздар!

Ортаға Ақбота тобының тәрбиешілері шығады.

Жүргізуші: Жыр сыйлаған, нұр сыйлаған тірлікке,

Қастерлейік, қадірінді білдік пе?

Құтты болсын жиналған Ұлыс күні

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке!

Балалар мен енді ортаға адамзатқа қуаныш нұрынан шашу сыйлайтын, аруда, әсем биші қыздарымызды ортаға шақырамын, қошеметтеп қарсы алайық.

Екеуі бірге айтады: Наурыз мерекесі құтты болсын ағайын!

Жүргізуші: Қошеметпен қазақтың шашу биін қабыл алыңыздар!

Би: «Шашу» үлкен екі қыз билейді.

Жүргізуші: Ендеше «Ақбота» ортаңғы топтың балаларын ортаға шақырамын.

Балалар бүгін Ұлстың ұлы күні! Ата бабаларымыздың сөзімен айтсақ, «Ақ түйенің қарны жарылған күн». Қазақтың Жаңа жылы құттыда берекелі, мерекелі болсын! Ендеше, Наурыз мейрамына арналған жыр шумақтарымызды арнайық!

Тақпақтар:

Айнара- Ерітіп қарын даланың,	Мүсілім- Жылдың басы Наурыз
Жинатып гүлін саланың.	Жердің басы Наурыз
Жетелеп жұмсақ самалын,	Мерекеге арналсын
Келді Наурыз- жыл басы!	Бүгінгі жыр әніміз.

Бактияр- Наурызым ғажап туысын	Алина- Бақта бұлбұл сайрасын
Ұлыстың ұлы күнінің	Сәнді көктем нұрымен
Жылыттың жердің жүрегін	Наурыз тойы жырымен
Жүрегі елдің жылысын.	Көңіл күндей жайнасын.

Бейбарыс-Әнім де саған, биім де,
Құт қонақ өзін үйімде.
Қуаныш сыйлар еліме,
Күлімде, Наурыз, күлімде.

Келесі кезекті әсем әнге берейік. Ән: «Наурыз- Көктем»

Осы кезде атқа мініп әндетіп Алдар Көсе кіреді.

Алдар Көсе:

-Мен Алдармын, Алдармын,
Байдың бәрін алдадым.
А-а-а, Е-е-е, О-о-о-о-деп өлеңдетіп келеді.

Жүргізуші: Ой, Алдар аға ортамызға қош келдіңіз!

Осы кезде киіз үйдің ішінде отырған Бай ортаға шығып Алдар көсеге қолын созып, ұстауға ұмтылады.

Алдар: (осы кезде қулана қолынан шап беріп ұстап аладыда)

-Ау, байеке мынауыңыз қалай тонып қалғансызба?

Алдар: шапанды ала сала, балалар міне мен байды қалай алдадым көрдіңдерме? Наурызда байдың алдап жаңа шапанын киіп алдым, қандай жылысынай! деп Алдар шығып кетеді.

Бай: басын ұстап айқайға басады, ойбай, ойбай мыны Алдар мені тағыда алдап соқты

Жүргізуші: Оу, ағасы Алдардың бір еркелігін көтермейсізбе? «Наурызда көк таста жібиді» деген. Байеке жыл бойғы ренішті ұмытып, тәубеге келер, татуласар күн бүгін деп оданда ұлдарымыздың биін тамашалайық!

Бай: Жарайды олай болса мен бұл Ұлыс күнінде ешкіммен ренжіспейін, ондай өнері болса қане тамашалайық.

Би: «*ұлдар биі*»

Алдар: Байеке кел мында бұл мерекеде мына балдармен бірлесе екеуміз арқан тартып көрейік.

Ойын: «Арқан тартыс»

Алдар Көсе әндетіп қоштасып шығып кетеді.

Қазір ортада Ақбота тобының бүлдіршіндері керемет ән орындайды.

Ән: «*Наурыз біздің Жаңа жыл!*» (балалар орындарына отырады)

Салт дәстүр көрсету: «*Бесік той*» ортаға Ақбота тобының әжесін шақырамыз.

Жүргізуші: Осыншама жақсылық

Алып келген наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің деп ортаға

Ақбота тобының биші қыздарын шақырамыз!

Би: «*Қазақ биі*» қыздар билейді.

Ортаға Тазша бала шығады.

Тазша бала: балалар мен енді сендермен ойын ойнағым келіп тұр, сендер ойын ойнайсыңдарма?

Мына жерде отырған Ақбота тобының жігіттерінің күштерін көрсем деймін, маған ортаға екі жігіт шыға қойсын.

Ойын: «Білек сынасу»

Тазша бала: Ал, қане балалар сендерге ойын ұнадыма? мен енді өзімнің еліме кетейін, дастархандарың мол, болып, Өнердің өрінен, балабақшаның төрінен табылыңыздар, сау болыңдар, деп шығып кетеді.

Жүргізуші: Балалар бізге тағыда біреу келе жатырған сияқты, кім екен?
(музыкамен шашу шашып бауырсақ пен Наурыз көжесін алып ортаға әже келеді)

Әже: Айналайын жамағатым, құлындарым Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ақ мол болсын, еліміз тыныш болсын, ұрпақтарымыз аман болсын! Ал қанекей балалар, мына мерекеде барлығыңыз Наурыз көже мен бауырсақтан дәм алыңыздар! - деп балаларға, ата-анаға дәм ұсынады. Шашу шашады.

Жүргізуші: Бата беріп атамыз

Әже келді апамыз

Тәтті болып жасалған

Наурыз дәмін тататамыз

Ал енді балалар мен ақсақал атамызды ортаға шақырып бата сұрамақпын!

Ата: бата береді.

Жүргізуші: Әумин! Рахмет ата бата беріп жатырсыз, айтқаныңыз болсын!

Жүргізуші: Балалар келіндер барлығыңды ортаға «Қара жорға» биіне шақырамын.
Бәріңізге үлкен рахмет! Тойларыңыз тойға ұлассын.

Жүргізуші: Наурыз келді ал тойландар, жарандар,

Келген мына мерекеге қараңдар.

Шашу шашып ақ жаулықты әжелер,

Тойда бүгін ойнап – күліп тараңдар! Осымен шағын дайындаған «Наурыз – тойым тамаша» атты ертеңгілігіміз аяқтала келді сау сәламатта болыңыздар!

